

Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарға арналған жаднама

Мектепалды тобының тәрбиешісі: Э.Шильдебаева

Құрметті ата-аналар!

Балаңыздың үйлесімді дамуы мен тәрбиесі – сіздің басты міндетіңіз. Балабақшаға бармайтын жағдайда, балаңыздың білім алуын, қарым-қатынас дағдыларын және дене белсенділігін ұйымдастыруға ерекше назар аударыңыз. Сіздерге пайдалы ұсыныстар:

1. Күн тәртібін сақтау

- Баланың күнделікті режимін құрыңыз: ұйқы, тамақтану, ойын және оқу уақыты бір уақытта болғаны жөн.
- Уақтылы ұйықтап, уақтылы ояну баланың денсаулығын нығайтады.

2. Үй жағдайында оқыту

- Баланың жасына сәйкес ойын түрінде сабақ өткізіңіз: сандарды, әріптерді, түстерді, пішіндерді үйретіңіз.
- Оқу мен жазу дағдыларын дамытатын тапсырмалар беріңіз.
- Жұмбақтар, логикалық тапсырмалар арқылы оның ойлау қабілетін арттырыңыз.

3. Шығармашылықты дамыту

- Баламен бірге сурет салыңыз, мүсіндеңіз, қолөнер жасаңыз.
- Өртүрлі материалдарды қолдана отырып, оның қиялын және моторикасын дамытыңыз.

4. Қозғалыс және дене белсенділігі

- Күнделікті физикалық жаттығулар жасауды әдетке айналдырыңыз.
- Таза ауада серуендеу мен қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастырыңыз.

5. Әлеуметтік дағдыларды дамыту

- Балаңызбен үнемі сөйлесіп, оның ойы мен сезімін тыңдаңыз.
- Достық пен сыйластыққа, өзгелермен жақсы қарым-қатынас орнатуға үйретіңіз.
- Қонаққа барып немесе достарыңызды шақырып, баланың әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз етіңіз.

6. Өз бетінше әрекет етуге баулу

- Баланы өз киімін киюге, ойыншықтарын жинауға, қарапайым үй тапсырмаларын орындауға үйретіңіз.
- Тәуелсіздікке және жауапкершілікке дағдыландырыңыз.

7. Моральдық және эмоционалдық қолдау

- Баланы үнемі мақтап, оған сүйіспеншілігіңізді білдіріңіз.
- Оның өзін еркін және қауіпсіз сезінуі үшін қамқорлық пен қолдау көрсетіңіз.

8. Байланысты үзбеу

- Балабақша мұғалімдерімен байланыста болып, қажетті ақпараттарды алыңыз.
- Балабақша ұйымдастыратын іс-шараларға, жиналыстарға қатысып отырыңыз.

Есіңізде болсын!

Баланың тәрбиесі мен дамуы – отбасының басты құндылығы. Оның болашағы сіздің қамқорлығыңыз бен назарыңызға байланысты.

Игі тілекпен, сіздің балабақша ұжымы.